



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

25.12.2025 жыл

№ 8, 9-т.

**Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының мүшелеріне материалдық және қайырымдылық көмек көрсету шарттары мен тәртібі туралы Үлгілік ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.**

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағы Атқару комитетінің қаулысымен (2024 жылғы 13 желтоқсандағы № 2 хаттама, 6-т.; 2025 жылғы 03 шілдедегі № 6 хаттама, 11-т.) бекітілген Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағының мүшелеріне материалдық және қайырымдылық көмек көрсету шарттары мен тәртібі туралы үлгілік ережеге келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1.1. 1-бөлімнің «Жалпы ережелер» 1.6.1-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

**«1.6.1. Материалдық көмекке төлем көзінен жеке табыс салығы салынады.**

**Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 436-бабының 3)тармақшасына сәйкес жеке тұлға қайтыс болған жағдайда, салық агенті күнтізбелік жыл ішінде жүргізген, тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 94 еселенген мөлшері шегіндегі жерлеуге арналған төлемдер жеке тұлғаның қайтыс болуы туралы**

**анықтама немесе қайтыс болуы туралы куәлік болған кезде салық салудан босатылады».**

1.2. 1-бөлімнің «Жалпы ережелер» 1.6.2-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

**«1.6.2. Төтенше жағдай салдарынан зардап шеккен жеке тұлғаға өтеусіз негізде берілетін мүлік түріндегі қайырымдылық көмекке, сондай-ақ әлеуметтік қолдауға құқығы бар жеке тұлғаға бір жыл ішінде өтеусіз көрсетілген, тиісті қаржы жылының басында қолданыста болатын 647 АЕК шегіндегі әлеуметтік қолдауға жеке табыс салығы салынбайды (Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 9-бабының 4) тармақшасы)».**

2. Кәсіподақтың барлық құрылымдарына осы қаулыны жеткізуді Орталық комитет аппаратының бас бухгалтері Г.А. Тоқабаеваға тапсырылсын.

**Төраға**



**А. Мұқашева**